

Ш.Берсиев атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі


«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 Г.Максимова

« 29 » тамыз 2025 ж

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары  Әжмұханбетова А.

« _____ » _____ 2025 ж

**Аға тәлімгердің жылдық жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

Аға тәлімгер: Кожамуратова М.Б

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Аға тәлімгердің

2025-2026 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары

1. Оқушылардың жыл бойы тәрбиелік бағытта жұмыс жүргізуге отырып оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығы арттыру. Отан сүйгіштікке баулу, мемлекеттік іс-шараларға белсенді қатыстыру.
2. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ету.
3. Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
4. Мектепте аға тәлімгердің жұмысы жоспарланған іс-шаралары бойынша атқарылады.
5. «Жас Қыран» ұйымының жұмысы мен «Жас Ұлан» балалар мен жұмысының ұйымының жұмысы, салтанатты және мерекелік жиындар, атаулы күндер, қамқорлық жұмыстары, акциялар, байқаулар т.б
6. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымына 25 қазан Республика күніне орай және 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күндері қабылданады.
7. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп Парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын жүзеге асыру.
8. Мектептегі «Адал ұрпақ» клубтарын жұмысын жүргізу
9. Сондай – ақ оқушылар арасында өзара жеке бас тазалығын және қоршаған ортаны қорғау әр сәрсенбі және бейсенбі күндері тазалық жұмыстарын ұйымдастыру

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Білім алушылардың бойында түйінді құндылықтарды қалыптастыру құзыреттілік тәсілдемесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету –Отанның дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуы;

тиімді қарым-қатынас – басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату, түсіну, командада жұмыс істеу және қақтығыстарды шешу дағдылары арқылы түрлі әлеуметтік ортада инклюзивтілік пен бірлікке ықпал ету, басқалармен ынтымақтастық орнату;

қоғамға қызмет ету – этикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қолайлы тәжірибелерді қолдана отырып, қоғамның дамуына ерікті үлес қосуға дайын болу;

азаматтық парыз – этикалық мінез-құлық нормаларын, адалдық және заңның үстемдігін сақтау, қоғам талаптарын құрметтеу және ұстану;

инновациялық ойлау – жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, кедергілерді еңсеру үшін жаңа дағдыларды игеру және болашақ бастамаларын табысты іске асыруда өз әлеуетін пайдаланутабандылық таныту;

шығармашылық – идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер арқылы контекстке сәйкес генерациялау қабілеті.

Тәрбиеде құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелерібір-бірін толықтырып, өмірлік сын-көзқарастарға төтеп бере алатын және табысты әлеуметтенген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

Құндылықтар:

- Тәуелсіздік және отаншылдық;
- Бірлік және ынтымақ;
- Әділдік және жауапкершілік;
- Заң және тәртіп; Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- Жасампаз және жаңашылдық;
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

Мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

- **Мектептегі тәрбие жұмысының міндеттері:** Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
КҮНДЕЛІКТІ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР				
1	–« Менің Қазақстаным » – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - « Апта дәйексөздері » – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады;	Аптаның дүйсенбі күні	МДТІЖО Аға тәлімгер	Жыл бойы
2	« Ұлттық ойын – ұлт қазынасы »: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызкұмалақ, бес тас және т.б.;	Үзіліс кезінде	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	Күнделікті жыл бойы
3	Оқушылардың сабаққа қатысымын бақылау	күнделікті	Аға тәлімгер	Жыл бойы

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ғытымақ» «Әділдік және Жауапкершілік»
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Іс-шараның атауы	Айқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	1 қыркүйек-білім күніне арналған «Мектебім-мейірім мекені» атты салтанатты жиынын І, ІІ сынып оқушыларына өткізу.	Тақырыптық іс-шаралар #Bilim_kuni хэштегі әлеуметтік желіге жариялау	Қыркүйек	МДТЖО Тәлімгер
2	«Мектеп Парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының қызметін ұйымдастыру, тізімін жасақтау	Түсіндіру жұмыстары әлеуметтік желіге #Біртұтас_тәрбие_жамб ыл хэштегімен жариялау	Қыркүйек	Тәлімгер Мектеп парламенті
3	1. Жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері 2. Алғашқы өрт сөндіру құралдары және оларды қолдану ережелері 3. Радиациялық – химиялық, бактериологиялық қорғау <i>Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)</i> <i>(алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)</i>	Алдын алу шарасы	Қыркүйек	МДТЖО Тәлімгер
4	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай жеке куәліктеріні салтанатты табыстау рәсімі	Салтанатты табыстау рәсімі	Қыркүйек	МДТЖО Тәлімгер
5	«Күт ханзадасы мен күт ханшайымы» «Күте балл»	Сайыс	Қыркүйек	Аға тәлімгер Қожамуратова М.Б Өзін-өзі басқару ұйымы

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік»
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 қазан – Республика күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Қуаныш сыйлайық» (қарттар үйіне концерт ұйымдастыру, қарттарға құрмет көрсету) <i>«Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Мектепішілік шара	Қазан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Әжмұханбетова А.Б. АӨТД мұғалімі Оразғалиев Е. музыка пәні мұғалімі Оразғалиева Ж.
2	Білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік дағдылары мен көшбасшылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Дублер» күнін ұйымдастыру.	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	Қазан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Мектеп парламенті
3	5 қазан – Мұғалімдер күніне арналған «Даналық ұстаздан» челленджі <i>«Шаббат» жобасы</i>	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Қазан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б
4	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасын іске асыру бағытында «Күзгі асар» атты жәрмеңкесін ұйымдастыру	Жәрмеңке	Қазан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Мектеп парламенті
5	«Тәуелсіз Қазақстан Ұлы дала елі» (Қазақстанның табиғаты, мәдениеті, қалалары мен жетістіктері туралы фотосуреттер ұсыну) <i>«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Фото көрме	Қазан	Аға тәлімгер Кожамуратова .М.Б Өзін-өзі басқару ұйымы

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: *«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ғытымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»*

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Startup» байқауы Білім алушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары бойынша форсайт сессиялары <i>«SMART BALA» жобасы</i>	Инновациялық идеялардың тұсаукесері	қараша	Аға тәлімгері Қожамуратова .М.Б Мектеп парламенті
2	«Парламент өмірінен бір күн» «Мектеп парламенті» мүшелері арасында челлендж <i>«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Челлендж	Қараша	Мектеп тәлімгері Қожамуратова .М.Б Мектеп парламенті
3	«Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы» <i>«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында білім алушылармен дөңгелек үстел өткізу</i>	Дөңгелек үстел	Қараша	Аға тәлімгері Қожамуратова .М.Б Мектеп парламенті Адал ұрпақ мүшелері
4	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай жеке куәліктерді салтанатты табыстау рәсімі	Салтанатты табыстау рәсімі	Қараша	ДТПЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Қожамуратова .М.Б
5	15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру	Тақырыптық іс-шаралар	Қараша	ДТПЖО Әжмұханбетова А.Б. Қожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілері

6	Мектеп парламентінің президентін сайлау «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)	Мектеп сайлауы	Қазан	Аға тәлімгер Кожамуратова .М.Б Әжмұханбетова А.
7	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай жеке куәліктерді салтанатты табыстау рәсімі	Салтанатты табыстау рәсімі	қазан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Аға тәлімгер Кожамуратова .М.Б
8	«Тәуелсіздік пен Республика – егемен елдің көс тірегі» мектепішілік іс-шара «Қыран елім-Қазақстан» Республика күніне орай туған өлкесінің ақын-жазушыларының кітаптарына шолу жасау «Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара және кітаптарға шолу жасау	қазан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Аға тәлімгер Кожамуратова .М.Б
9	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақтың кілті – жастарда!» тақырыбында көңілді тапқырлар клубы командалары арасында ойындар ұйымдастыру	Көңілді тапқырлар клубы ойындары	қазан	Аға тәлімгер Кожамуратова .М.Б Өзін-өзі басқару ұйымы

ЖЕЛТОҚСАН–БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ұнтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Жетістігімді еліме арнаймын» атты челленджін өткізу	Челлендж	Желтоқсан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б
2	Заңды сақтау, құрметтеу және міндеттерді орындау бойынша турнир <i>«Үшқыр ой алаңы» жобасы</i>	Мектепішілік турнир	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Өзін-өзі басқару ұйымы
3	«Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ!» <i>Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне челлендж ұйымдастыру</i>	Челлендж	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілері
4	Тәуелсіздік күніне орай өткізілетін іс-шаралар	Мектепішілік шара	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілері
5	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай жеке куәліктерді салтанатты табыстау рәсімі	Салтанатты табыстау рәсімі	Желтоқсан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б
6	Жаңа жыл мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепішілік шара	Желтоқсан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б

ҚАҢТАР-ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 қаңтар – Жаңа жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Еңбегі адал - жас өрен» жобасын іскеасыру бағытында білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Мамандықтар марафоны» атты байқауын өткізу	Байқау	Қаңтар	ДТДКО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б
2	«Үздік оқушы», «Жас спортшы», «Мектеп белсенділері», «Өнерлі оқушы», «Қамқор оқушы» марапаттау жарнамаларын өткізу. Парламент отырысын өткізу	Отырыс	Қаңтар	ДТДКО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Мектеп парламенті
3	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде, әр түрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру	Іс-шара	Қаңтар	ДТДКО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Педагог -ұйымдастырушы Елеуова Г.Ж 1-11 сынып жетекшілері
4	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (құқықбұзушылықтың алдын алу, лудоманияның алдын алу) «Ойынға салауатты көзқарас» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Қаңтар	ДТДКО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Педагог -ұйымдастырушы 1-11 сынып жетекшілері

АҚПАН-ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ұлтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік»
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

14 ақпан-Ауған күні

«Құқықтық тәрбие-құқықбузышылықтың алдын алу» айлығы

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Балалар кітапханасы» жобасын іскеасыру бағытында «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челленджін өткізу	Челлендж	Ақпан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Аға тәлімгер Кожамуратова .М.Б
2	Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған «Мұсағали оқулары» атты байқауын өткізу	Байқау	Ақпан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Тіл мамандары
3	Құндылықтар бойынша, жаман әдеттердің алдын алу бойынша (<i>лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық зомбылық, қорқыту т.б</i>) турнирлер ұйымдастыру <i>«Үшқыр ой алаңы» жобасы</i>	Мектепішілік турнир	Ақпан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Өзін-өзі басқару ұйымы
4	«Startup» байқауы <i>Білім алушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары бойынша форсайт сессиялары</i> <i>«SMART BALA» жобасы</i>	Инновациялық идеялардың тұсаукесері	Ақпан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Әжмұханбетова А.Б. Өзін-өзі басқару ұйымы
5	Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепішілік іс-шаралар	Ақпан	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Өзін-өзі басқару ұйымы

НАУРЫЗ-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ұнтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік»
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

27 наурыз-Дүниежүзілік театр күні

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	Алғыс айту күніне орай Мектеп/студенттік парламент арасында «Алғысым шексіз»	челленджі	Наурыз	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б педагог-ұйымдастырушы Елеуова Г.Ж 1-11 сынып жетекшілері
2	«Анань аялы алақаны» челленджі <i>«Шабьт» жобасы</i>	Челлендж	Наурыз	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Бірлестік жетекшілері
3	Мектеп театры Сыныптар арасында театрландырылған қойылымдар, зерттелген әдеби шығармалар бойынша қойылымдар, заңдар мен құқықтарды зерттеу бойынша қойылымдар <i>«Шабьт» жобасы</i>	Театр қойылымы	Наурыз	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Музыка пәні мұғалімі Оразғалиева Ж.
4	22 Наурыз мерекесіне орай «Ұлттықойын - ұлт қазынасы» атты ұлттық ойындар, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдербайқауын өткізу	Іс-шаралар	Наурыз	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілері

СӘУІР-ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ұнтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
 12 сәуір – Ғылым күні
 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
 23 сәуір – Ұлттық кітап күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Сәуір	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілер
2	«Қамқор» жобасын іске асырубағытында «Түлектердің ағаш егуі» атты экочелленджін өткізу	Челлендж	Сәуір	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілер
3	Адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын нығайту мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты арнайы мамандардың қатысуымен кездесу өткізу	Кездесу	Сәуір	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б Өзін-өзі басқару ұйымы А
4	«Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтар слеты	Слеті	Сәуір	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілер

МАМЫР–БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік»
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

9 мамыр-Жеңіс күні

Мамырдың екінші жексенбісі-Аналар күні

15 мамыр-Отбасы күні

31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	Отан қорғаушылар күніне орай «Жас сарбаз» атты әскери-патриоттық әндер фестивалін өткізу	Ұйымға қабылдау Фестиваль	Мамыр	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілер Музыка пәні мұғалімі Оразғалиева Ж. АӨТД мұғалімі Оразғалиев Е.
2	Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасын жүзегеасыру бағытында «Кітапқа жазылмаған тарих»аттыерлік сабақтарын өткізу	Фестиваль	Мамыр	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілер
3	Адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу,жасөспірімдердің репродуктивтіденсаулығын нығайту мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» аттыарнайы мамандардың қатысуымен кездесу өткізу	Кездесу	Мамыр	ДТДЖО Әжмұханбетова А. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б 1-11 сынып жетекшілері
4	Халықаралық отбасы күніне орай ата-аналарға арналған «Менің балам – көшбасшы» тақырыбында дөңгелекүстел, «Денсаулық FEST» атты ата-ана сағатын, «Отбасы FEST» атты фестивалін өткізу	Ерлік сабақтары	Мамыр	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б
5	Салтанатты жиын	жиын	Мамыр	ДТДЖО Әжмұханбетова А.Б. Мектеп тәлімгері Кожамуратова .М.Б